

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ ЖАНЫНДАҒЫ  
ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ АКАДЕМИЯСЫ



**ПРОЦЕСС ПРОКУРОРЫНЫҢ ӨЗ  
ӨКІЛЕТТІКТЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУЫ  
БОЙЫНША**

---

**әдістемелік ұсынымдар**

---

Қосшы, 2025

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ ЖАНЫНДАҒЫ  
ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ АКАДЕМИЯСЫ**



**ПРОЦЕСС ПРОКУРОРЫНЫҢ ӨЗ  
ӨКІЛЕТТІКТЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУЫ  
БОЙЫНША**

әдістемелік ұсынымдар

**Қосшы, 2025**

**УДК 343.163**

**ББК 67.72**

**П82**

Рецензенттер:

**Е.А. Сағиев** - Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының сотқа дейінгі тергеп-тексеру заңдылығын қадағалау және қылмыстық қудалау Қызметінің бастығы

**Н.С. Накишев** - Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының Кәсіби оқыту институтының Қылмыстық қудалау және жедел-іздістіру қызметі кафедрасының доценті

**Процесс прокурорының өз өкілеттіктерін жүзеге асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар / М.А. Опабеков, Ә.Е. Үмбеталин, Ж.Ж. Мекебаев, А.Б. Сеитов** – Қосшы қ.: Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдарының академиясы, 2025 – 81 б.

Әдістемелік ұсынымдар прокуратура органдарының қызметкерлеріне, Академияның оқытушыларына, біліктілікті арттыру және прокуратура органдарына түсетін адамдардың алғашқы кәсіби даярлық курстарының тыңдаушыларына арналған.

*Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының  
жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының  
Оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен жариялауға  
ұсынылды (21.11.2025 жылғы №3 хаттама)*

**ISBN 978-601-82341-6-3**

© Құқық қорғау органдары академиясы, 2025

© М.А. Опабеков, Ә.Е. Үмбеталин,

Ж.Ж.Мекебаев, А.Б. Сеитов, 2025

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	5
<b>1. ПРОЦЕСС ПРОКУРОРЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУ</b>	
<b>ТӘРТІБІ.....</b>	7
1.1. Процесс прокуроры қызметін жетілдірудің тиімділігін бағалау өлшемдері.....	7
1.2. Процесс прокуроры айқындалғаннан кейінгі алғашқы іс-әрекеттері мен негізгі процесстік шешімдерді келісуі және бас тартуы.....	12
<b>2. СОТҚА ДЕЙІНГІ ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУ САТЫСЫНДАҒЫ ПРОЦЕСС ПРОКУРОРЫНЫҢ АЛДЫН-АЛА ТЕРГЕУ ӘРЕКЕТТЕРІ МЕН ШЕШІМДЕРІНЕ ҚАДАҒАЛАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУЫ.....</b>	16
2.1. Тұлғаны күдікті деп тану, іс-әрекетті саралау және тергеу мерзімдерін үзу заңдылығын тексеру кезіндегі процесс прокурорының өкілеттігі.....	16
2.2. Процесс прокурорының қылмыстық істі қосымша тергеуге қайтаруы және кінәні мойындау туралы процесстік келісім жасасу өтінішхатын қарау кезіндегі өкілеттіктері.....	41
2.3. Тергеу сотының шешімдерін қайта қарау туралы өтінішхат енгізу, күдіктінің әрекеті үшін материалдық жауапты адамның мүлкіне билік етуді уақытша шектеу және есірткі заттарын жоюды келісу кезіндегі процесс прокурорының өкілеттіктері.....	47

<b>3. ПРОЦЕСС ПРОКУРОРЫНЫҢ БІРІНШІ САТЫ СОТЫНДАҒЫ РӨЛІ ЖӘНЕ АЙЫПТАУДЫ ҚОЛДАУЫ.....</b>	<b>52</b>
Қорытынды.....	56
Қосымша.....	57
Пайдаланылған қайнаркөздердің тізімі.....	80

## **Кіріспе**

Қазақстан Республикасының қылмыстық-процесі азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қамтамасыз етудің, сондай-ақ жасаған қылмыстары үшін жазаның бұлтартпастығының құқықтық тетігі болып табылады. Бұл процесте Конституцияда және Қылмыстық-процестік кодексте бекітілген ерекше процестік мәртебеге ие болып табылатын прокурор аса маңызды рөл атқарады.

Қазақстандағы прокурордың процестік рөлін зерделеудің өзектілігі жеке адам құқықтарының кепілдіктерін арттыруға, тараптардың бәсекелестігін нығайтуға және прокурорлық қадағалауды жетілдіруге бағытталған қылмыстық процесс реформаларымен айқындалады. Прокурордың өкілеттіктерін іске асырудың тиімділігіне қабылданатын шешімдердің заңдылығы ғана емес, сот талқылауының әділдігіне де байланысты, бұның нәтижесінде қоғамның қылмыстық әділет жүйесіне деген сенімін қалыптастырады.

Қазақстан Республикасында 2015 жылы енгізілген процесс прокуроры институты қылмыстық процесті реформалаудың негізгі бағыттарының бірі болды. Бұл институтты құру – ең алдымен күрделі қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексерудің сапасын арттыру, процестік рәсімдерді оңайлату және жеделдету, сондай-ақ тиімді қадағалау жүргізуге қабілетті білікті прокурорларды даярлау қажеттілігінен туындады.

2017 жылдан бастап қылмыстық іс жүргізуді

оңтайландыру жобасын іске асыру аясында процесс прокурорлары жеңіл санаттағы қылмыстық істер бойынша заңдылықты қадағалауға тартылды. Бұл істерді жеңілдетілген тәртіппен сотқа жолдау тетіктерін сынақтан өткізу мақсатында жүргізілді. Нәтижесінде, прокурордың қылмыстық процеске ерте кезеңде қатысуы заңдылық пен процестік мақсаттылықты қамтамасыз ететіні дәлелденді.

Ауыр және аса ауыр қылмыстардың жоғары қоғамдық қауіптілік дәрежесін ескере отырып, сондай-ақ мұндай істерді сапалы тергеп-тексерудің қажеттілігіне байланысты, 2018 жылдан бастап Бас прокуратура мұндай санаттағы істер бойынша, күдікті адам анықталған жағдайда, процесс прокурорларына қадағалау мен айыптауды қолдау өкілеттігін бекіту туралы шешім қабылдады. Бұл тәсіл прокурорлар жұмысының тиімділігіне баға беру өлшемдерінің негізіне айналды.

Сонымен бірге, қылмыстық қудалау органдарының шектеулі штаттық ресурстары ауыр және аса ауыр істердің барлығын қамтуға мүмкіндік бермеді. Осыған байланысты бағалау өлшемдерінде процесс прокурорлары тек аса күрделі, өзекті және резонанстық істерге тағайындалатыны белгіленген.

Бүгінгі күні негізгі міндет – қоғамдық және құқықтық маңызы бар қылмыстық істер бойынша сапалы, объективті және жедел тергеп-тексеруді қамтамасыз ету. Мұндай істерге процесс прокурорының қатысуы – азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін уақытылы қорғаудың, сондай-ақ

сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезіндегі бұзушылықтарды болдырмаудың маңызды шарты болып табылады.

## **1. ПРОЦЕСС ПРОКУРОРЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУ ТӘРТІБІ**

### **1.1. Процесс прокуроры қызметін жетілдірудің тиімділігін бағалау өлшемдері**

Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі - ҚПК) 7-бабының 35) тармағына сәйкес прокуратура басшысы нақты қылмыстық іс бойынша заңдардың сақталуын қадағалау жүктелген прокурор процесс прокуроры болып табылады.

Процесс прокуроры сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған кезден бастап қадағалауды жүзеге асырады және сот талқылауына мемлекеттік айыптаушы ретінде қатысады.

ҚПК-нің 193-бабының 3-бөлігіне сәйкес сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталғаны туралы хабарлама келіп түскеннен кейін, прокуратура басшысы процесс прокурорын тағайындайды. Тағайындау электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып, «Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімі» ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі - СДТБТ) тіркелуге жататын қаулымен рәсімделеді (№1 қосымшаны қараңыз).





Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2018 жылғы 27 ақпандағы №30 бұйрығымен прокуратура басшысының уәжді қаулысы бойынша процесс прокурорын ауыстыру негіздері айқындалды.

Мұндай негіздерге:

- басқа лауазымға ауыстыру;
- еңбекке уақытша жарамсыздық;
- еңбек демалысы;
- оқу демалысы;
- іссапарға жіберу;
- жұмыстан шығару;
- лауазымдық міндеттерін атқарудан уақытша шеттету;
- қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдік бойынша ұстау және бұлтартпау шарасын қолдану;
- өкілеттіктерді жүзеге асыруға кедергі келтіретін өзге де мән-жайлар, оның ішінде ҚПК-нің 88-бабында көзделген жағдайлар және қылмыстық істің қадағалануының өзгеруі (№2 қосымшаны қараңыз).

Процестік құжаттарды қарау, келісу, қол қою және бекіту рәсімі, сондай-ақ келісу кезінде процесс прокурорының іс-қимыл алгоритмі Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 21 ақпандағы №65 бұйрығымен бекітілген Сотқа дейінгі тергеп-тексеру мен қылмыстық қудалаудың заңдылығын қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықтағы №2 қосымшамен регламенттелген (2025 жылғы 7 ақпандағы №19 бұйрықпен енгізілген өзгерістерді

ескере отырып) (бұдан әрі - Нұсқаулық).

Нұсқаулыққа сәйкес, процесс прокурорына тапсырылған қылмыстық іс шегінде мынадай өкілеттіктер берілген (№3 қосымшаны қараңыз):

- негізгі процестік шешімдерді келісуге немесе келісуден бас тартуға;

- қылмыстық істі қосымша тергеу үшін қайтаруға (прокуратура басшысының бекітуімен);

- кінәні мойындау туралы мәміле нысанында процестік келісімдер жасасуға;

- тергеу судьяларының шешімдерін қайта қарау туралы өтініштер енгізуге;

- мүлікке билік етуге уақытша шектеуді келісуге немесе келісуден бас тартуға;

- есірткі құралдарын жоюды келісуге (ҚПК-нің 221-бабына сәйкес);

- сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарына жазбаша нұсқаулар беруге міндетті.

Процесс прокурорының ҚПК-де белгіленген тәртіппен берген нұсқаулары сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның, сондай-ақ қылмыстық қудалау органы бастығының орындауы үшін міндетті болып табылатынын атап өткен жөн.

Осылайша, процесс прокурорының қызметін құқықтық регламенттеу оның сотқа дейінгі тергеп-тексерудің барлық сатыларына белсенді қатысуын қамтамасыз етеді және тиімді прокурорлық қадағалауға және мемлекеттік айыптауды қолдауға ықпал етеді.

Азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын, мемлекет пен ұйымдардың заңды

мүдделерін қорғау, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеу сатысында заңдылықтың бұзылуын уақытылы анықтау және жою. Қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген залалды өтеуді қамтамасыз ету;

- сотқа дейінгі тергеп-тексеруге процесстік басшылық жасауды қамтамасыз ету, қылмыстық қудалау органдарының істің мән-жайын жан-жақты, толық және объективті зерттеу, сондай-ақ заңды процесстік шешімдер қабылдау бойынша ҚПК талаптарын сақтауы;

- Бірінші сатыдағы сотта мемлекеттік айыптауды сапалы және кәсіби қолдау, сондай-ақ соттың заңды және негізделген үкім шығаруына ықпал ететін шараларын қабылдау;

- Қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайларды анықтау және оларды жою бойынша прокурорлық қадағалау актілерін уақытылы енгізу.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру заңдылығын қадағалау және қылмыстық қудалау саласындағы қадағалау қызметінің тиімділігі Нұсқаулықтың №4 қосымшасындағы критерийлерге сәйкес бағаланады.

## **1.2. Процесс прокуроры айқындалғаннан кейінгі алғашқы іс-әрекеттері мен негізгі процесстік шешімдерді келісуі және бас тартуы**

Процесс прокуроры нақты қылмыстық іс бойынша тағайындалғаннан кейін қылмыстық қудалаудың заңдылығын қамтамасыз ету және берілген өкілеттіктерді тиісінше іске асыру мақсатын негізге ала

отырып, өз жұмысын жоспарлайды (№4 қосымшаны қараңыз).

Тағайындау туралы қаулымен танысқаннан кейін процесс прокурорына:

- сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастаудың заңдылығын, ҚПК-нің 179 және 180-баптарында көзделген негіздердің болуын, сондай-ақ көрінеу жалған сөз жеткізгені үшін қылмыстық жауаптылық туралы ескерту туралы өтініш берушінің қолының болуын тексеру;

- ҚПК-нің 179-бабының тиісті тексеру актілерімен расталмаған, не сот жарамсыз деп танымаған азаматтық-құқықтық мәмілелерге негізделген (көптеген ұжымдық өтініштерді қоспағанда) келтірілген залал туралы деректері жоқ хабарламалар тіркелуге жатпайтын ережелеріне назар аудару;

- қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін анықтау үшін осындай хабарламаларды үш тәулік ішінде уәкілетті мемлекеттік органға жіберу туралы ҚПК-нің 181-бабының 5-бөлігі талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

Бекітілген қылмыстық істі қадағалау шеңберінде процесс прокуроры шұғыл тергеу әрекеттерінің уақтылығын, толықтығын және заңдылығын тексеруге міндетті. Қажет болған жағдайда осы тергеу әрекеттерін өткізуге, атап айтқанда:

- оқиға болған жерді қарауға;
- күдіктіден, куәлардан жауап алуға;
- прокурордың қатысуын талап ететін өзге де тергеу әрекеттеріне қатысады.

Процесс прокуроры жұмыс процесінде тергеу бөлімшелерін қылмыстарды ашуға және тергеу сапасын қамтамасыз етуге ықпал ететін криминалистік есепке алуды, криминалистік тактика мен техниканың қазіргі заманғы әдістемелерін пайдалануға бағыттауы тиіс.

Кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін жүргізу барысында бұзушылықтар анықталған кезде процесс прокуроры міндетті түрде оның қатысуымен оларды қосымша жүргізуге бастамашылық етуге құқылы.

Өкінішке орай, сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында әдеттегі процестік бұзушылықтарға жол беріледі. Мысалы, құжаттарды алу кезінде тергеушілер құжаттардың түпнұсқаларын емес, көбінесе көшірмелерін алады; хаттамаларда алынғандардың саны, оның нақты орналасқан жері және табылу шарттары көрсетілмейді. Мұндай кемшіліктер дәлелдемелерді сотта жарамсыз деп тануға әкеп соғуы мүмкін.

Мұндай бұзушылықтардың алдын алу үшін процесс прокурорына тергеушілерге тергеу әрекетіне қатысушыларды алдын ала анықтауды және техникалық-криминалистік құралдарды пайдалануды ұсыну қажет.

Мысалы, бухгалтерлік құжаттарды алу кезінде бухгалтерлік есепті жақсы білетін маманды шақыру және міндетті түрде процесті бейнекамераға жазу ұсынылады.

Алынған заттай дәлелдемелер, ақша және құжаттар болған жағдайда, қылмыстық істер бойынша сот,

прокуратура, қылмыстық қудалау және сот сараптамасы органдарының заттай дәлелдемелерді, алынған құжаттарды, ұлттық және шетел валютасындағы ақшаны, есірткі құралдарын, психотроптық заттарды алу, есепке алу, сақтау, беру және жою қағидалары талаптарының сақталуын тексеру қажет 2014 жылғы 9 желтоқсандағы №1291 Заңы.

Үкімнің азаматтық талап қою, басқа да мүліктік өндіріп алу немесе мүлікті ықтимал тәркілеу бөлігінде орындалуын қамтамасыз ету мақсатында мүлікке тыйым салу не мүлікке билік етуді уақытша шектеу жөнінде қабылданған шаралардың болуын тексеру қажет.

Іс материалдарын зерделеу нәтижелері бойынша процесс прокуроры қажетті тергеу әрекеттерін жүргізу туралы жазбаша нұсқау беріп, орындау мерзімін белгілегені жөн. Нұсқау уәжді және белгіленген мерзімде нақты орындалуы тиіс. Прокурордың өз құзыреті шегінде берген нұсқаулары орындалуы тиіс. Прокурордың нұсқауын орындамау тәртіптік жауаптылыққа әкеп соғады.

## **2. СОТҚА ДЕЙІНГІ ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУ САТЫСЫНДАҒЫ ПРОЦЕСС ПРОКУРОРЫНЫҢ АЛДЫН АЛА ТЕРГЕУ ӘРЕКЕТТЕРІ МЕН ШЕШІМДЕРІНЕ ҚАДАҒАЛАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУЫ**

### **2.1. Тұлғаны күдікті деп тану, іс-әрекетті саралау және тергеу мерзімдерін үзу заңдылығын тексеру кезіндегі процесс прокурорының өкілеттігі**

ҚПК-нің 193-бабының 3-бөлігіне сәйкес процесс прокуроры болып тағайындалған прокурор өзіне тапсырылған қылмыстық іс бойынша төмендегі **негізгі процестік шешімді келісуге уәкілетті:**

- тұлғаны күдікті деп тану туралы;
- күдіктінің әрекетін саралау туралы;
- күдіктінің және қылмыстық құқық бұзушылықтың саралануын өзгерту, толықтыру туралы;
- тергеу мерзімдерін үзу туралы.

Процесс прокурорының келісуі және бекітуі қаулыны электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландыру арқылы, ал қағаз түрінде рәсімделген процестік шешімдері мен іс-әрекеттері бойынша қаулының бірінші бетінің жоғарғы оң жақ бұрышына процесс прокурорының лауазымы, тегі, аты-жөні көрсетіліп, оның қолымен расталатын «Келісемін» деген белгі қою арқылы жүзеге асырылады және қол қойылған күні көрсетіледі.

Процесс прокурорының атына тұлғаны күдікті деп тану туралы, сондай-ақ оның әрекетін саралау не қайта саралау туралы қаулылар келіп түскен кезден бастап, ол

құжаттарды алған кезден бастап кідіріссіз, бірақ 24 сағаттан кешіктірмей, көрсетілген қаулыларды келісу туралы не оларды келісуден уәжді бас тарту туралы шешім қабылдауға, міндетті түрде тиісті қаулы шығаруға міндетті (№5 қосымшаны қараңыз).

Бұл ретте процесс прокуроры тұлғаны күдікті деп тану үшін құқықтық және нақты негіздерге жан-жақты тексеру жүргізеді, оның ішінде:

- тұлғаның жасалған қылмысқа қатыстылығын растайтын, жол берілетін және дәйекті дәлелдемелердің жеткілікті жиынтығының болуы;

- дәлелдемелерді қылмыстық іс материалдарындағы басқа да нақты деректермен салыстыру;

- қылмыстық қудалауды болдырмайтын мән-жайлардың болмауы, мысалы, ақтау негіздерінің болуы, қылмыстық жауаптылық жасына жетпеуі және т.б.;

- тұлғаны күдікті деп тану және одан жауап алу туралы қаулы шығару үшін, оның ішінде кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда жеткілікті негіздердің болуы.

Процесс прокурорының аталған әрекеттері күдікті мәртебесін қолданудың заңдылығын қамтамасыз етіп қана қоймай, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің ерте сатысында жасалған әрекетті саралау бойынша құқықтық ұстанымды тұжырымдауға ықпал етеді.





Деректерді жүйелеу және қабылдауды жеңілдету, оларды қылмыстық-процестік заңнамаға сәйкестендіру, сондай-ақ техникалық қателіктерді болдырмау мақсатында төменде көрсетілген талаптарды процестік құжаттарда қолдану ұсынылады.

**Тұлғаны күдікті деп тану туралы қаулыға қойылатын талаптар**

<b>№</b>	<b>Критерийлер</b>	<b>ҚПК-ге сәйкес</b>
1.	Күдікті деп тану туралы қаулыға қойылатын талаптар	дәлелді, заңды және негізделген
2.	Шығару мерзімі	деректер болған жағдайда
3.	Прокурорға жолдау мерзімі	дереу
4.	Прокурордың қарау мерзімі	дереу (24 сағат)
5.	Прокурор шешімдерінің түрлері	қаулыны келісу туралы; келісуден бас тарту туралы;
6.	Құрылым бойынша талаптар	1) оның жасалған уақыты мен орны; қаулыны жасаған лауазымды адам; күдікті деп танылған тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде), оның туған күні, айы, жылы және жері; 2) тұлға қандай қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдіктенеді
7.	Жариялау (хабарлау), түсіндіру, көшірме	Тұлғаны күдікті деп тану туралы қаулы осы адамға

	беру тәртібі	жарияланады. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлға өзіне қатысты күдікті деп тану туралы қаулы шығарылған күдіктінің құқығын түсіндіруге міндетті, бұл туралы қаулыда белгі жасалады және оған осы қаулының көшірмесін табыс етеді.
--	--------------	--

ҚПК-нің 203-бабына сәйкес қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдікті растайтын жеткілікті дәлелдемелер болған кезде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам не прокурор күдіктінің әрекетін саралау туралы дәлелді қаулы шығарады. Қаулы барлық іс жүргізу талаптары сақтала отырып, қисынды мерзімде шығарылуға тиіс.

Бұл ретте, процесс прокуроры адвокаттың, прокурордың, тергеушінің, анықтаушының, тергеу бөлімі бастығының, анықтау органы бастығының кәсіби және қызметтік міндеттерін орындауға байланысты қылмыстар жасаған кездегі әрекеттерін саралау туралы қаулыны прокуратура органының басшысы ғана келісетінін білуі керек.

Процесс прокуроры саралау туралы қаулыны зерделей отырып, оны құқықтық және нақты жағынан: оның қаншалықты негізделген және толық екенін, сондай-ақ онда жасалған әрекеттің қоғамдық қауіптілік дәрежесін қасақана төмендетуге немесе неғұрлым ауыр

қылмыс үшін жауаптылықтан құтылуға тырысудың бар-жоғын тексеруге тиіс.

Талдаудың толықтығы мен объективтілігін қамтамасыз ету мақсатында бақылау сұрақтарының мынадай (толық емес) тізбесін пайдалану ұсынылады:

- күдіктінің сауалнамалық деректері жеке басын куәландыратын құжаттардағы мәліметтерге сәйкес келеді ме?

- ҚПК-нің 113-бабының қылмыс оқиғасын, оның тәсілін, уақытын, орнын, кінәсінің нысанын, уәжін және өзге де елеулі белгілерін сипаттауға қатысты талаптары сақталды ма?

- топта қылмыс жасау кезінде әрбір адамның жеке әрекеттері сипатталған ба?

- әр қатысушыға әр эпизод бойынша жеке саралау берілген бе?

- ол Жалпы бөлімнің ережелерін қоса алғанда, қолданылатын баптың немесе ҚК-нің баптары диспозициясына сәйкес келеді ме (мысалы, ҚК-нің 24, 28-баптары)?

- саралау белгілерін айқындауда бұзушылықтарға жол берілмеді ме және олар күдіктінің барлық әрекеттерін қамтиды ма?

- қылмысқа қатысушылардың әрекеттерінің саралануын тұжырымдауда қайшылықтар орын алған ба?

- қылмыстар жиынтығының, қылмыстың қайталануының, бірнеше рет жасалуының немесе қосымша саралау қажеттілігінің белгілері анықталды ма?

- сотқа дейінгі тергеп-тексерудің мерзімдері сақталған ба?

- қаулыға лауазымды адам қол қойған ба?

- қылмыстың себептері мен мақсаттары, күдіктінің ол кездегі эмоционалдық жай-күйі оны жасау кезінде ашылған ба;

- қылмыстың салдары мен келтірілген зиянның сипаттамалары көрсетілген бе?

- қорғаушының қатысуы, соның ішінде оның қатысуы міндетті жағдайда қамтамасыз етілген бе?

- қорғаушымен жасалған келісім болмаған кезде саралау жарияланған ба?

- бір адвокат қарама-қайшы айғақтары бар күдіктілердің мүддесін білдірмеді ме?

- күдіктінің денсаулығы мен психикасының жай-күйі анықталды ма?

- сот ісін жүргізу тілін білмейтін күдіктіге іс жүргізу құжаттарының аудармасы қамтамасыз етілді ме?

- кінәсін, себептерін, саралау және жеңілдету белгілерін қоса алғанда, күдіктіге тағылған барлық айыптың аспектілері бойынша одан жауап алынды ма?;

- хаттамада күдіктінің қандай элементтерді мойындайтынын, ал қандайын мойындамайтынын көрсетілген бе?

- күдіктінің немесе оның қорғаушысының берген арыздары мен өтінішхаттары қаралып шешілген бе?

- мұндай өтінішхаттардан бас тарту немесе оларды қанағаттандыру туралы қаулылар рәсімделген бе?

Осылайша, әрекетті саралау туралы қаулыны тиісінше тексеру қылмыстық қудалау шеңберіндегі маңызды шешімдердің біріне формальды тәсілді болдырмауға, тергеудің сапасын арттыруға және заңдылық пен әділдік қағидаттарын іске асыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.





2-кестеде күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулыға қойылатын талаптар ұсынылған.

**2-кесте. Күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулыға қойылатын талаптар**

№	Критерийлер	ҚПК-ге сәйкес
1.	Қаулыға қойылатын талаптар	дәлелді, заңды және негізделген
2.	Шығару мерзімі	ақылға қонымды мерзімде
3.	Прокурорға жіберу мерзімі	дереу
4.	Прокурордың қарау мерзімі	дереу (24 сағат)
5.	Прокурор шешімдерінің түрлері	қаулыны келісу туралы; келісуден (уәжді) бас тарту туралы
6.	Құрылым бойынша талаптар	1) оның жасалған уақыты мен орны; қаулыны кім жасады; күдіктінің тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде), оның туған күні, айы, жылы және жері; 2) ҚПК-нің 113-бабына сәйкес жасалған уақыты, орны, сондай-ақ дәлелденуге жататын өзге де мән-жайлар көрсетіле отырып, күдікті тұлғаның жасаған қылмысының сипаттамасы; 3) күдікті тұлғаның қылмыс жасағаны үшін жауаптылықты көздейтін қылмыстық заң (бап, бөлім, тармақ)
7.	Жариялау	Егер қорғаушының қатысуы заң

	(хабарлау), түсіндіру, көшірмені тәртібі	беру бойынша міндетті болса немесе бұл туралы күдікті өтініш жасаса, қорғаушының қатысуымен және қаулы шығарылған кезден бастап жиырма төрт сағаттан кешіктірілмеу керек. Күдікті немесе оның қорғаушысы келмеген жағдайда, қаулы жиырма төрт сағат өткеннен кейін де жариялануы мүмкін. Күштеп әкелінген күдіктіге қаулы сол күні жарияланады. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам күдіктіге күдік келтірудің мәнін түсіндіруге міндетті. Күдіктіге оның әрекетін саралау туралы қаулының көшірмесі табысталады
--	---	---

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді қадағалауды жүзеге асыру шеңберінде процесс прокуроры алдын ала тергеп-тексеру мерзімдерін ұзу туралы шешімдердің заңдылығы мен негізділігі мәселелеріне ерекше назар аударуға тиіс. Мұндай шешімдерге ҚПК-нің 45-бабының 7-бөлігінде тікелей көзделген негіздер болған кезде ғана жол беріледі. Мерзімді ұзу туралы кез келген шешім құжатпен расталуға, белгіленген тәртіппен шығарылуға және тергеуді жалғастыруға объективті түрде кедергі келтіретін барлық мән-жайлар ескеріле отырып қабылдануға тиіс.

Мерзімдерді ұзу туралы қаулының заңдылығы мен негізділігін тексере отырып, процесс прокуроры тергеуді ұзуге бағытталған барлық ықтимал

шаралардың қолданылғанын анықтауға міндетті. Қылмыс жасаған адамның анықталмауына сілтеме жасалған жағдайда, оны анықтауға бағытталған тергеу әрекеттерінің кешені шынымен жүргізілгенін бағалау керек. Қаулыда сараптама тағайындауға сілтеме болған кезде сарапшыға тиісті қаулы мен материалдардың берілгендігін және сараптамалық зерттеу рәсімінің нақты басталғандығын анықтау қажет.

Мерзімді үзудің заңдылығын тексеру кезінде мынадай мән-жайларға назар аудару керек:

- Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды, хабарламаны СДТБТ-ға тіркеу тәртібі не алғашқы шұғыл тергеу әрекеті;

- Жүргізілген негізгі тергеу әрекетінің толықтығы, атап айтқанда, тергеу жоспарының болуы және т.б;

- Прокурордың жазбаша нұсқауын тиісінше орындау;

- Тергеу мерзімдерін сақтау;

- Азаматтардың конституциялық құқықтарын сақтау;

- Тергеуден немесе анықтаудан жасырынған адамға қатысты қылмыстық-іздістіру ісі бойынша жүргізілген жедел-іздістіру іс-шараларының толықтығы;

- Қылмыс жасауға ықпал еткен мән-жайларды және басқа да заң бұзушылықтарды жою туралы ұсыну енгізу;

- Азаматтардың конституциялық құқықтары бұзылған жағдайда азаматтарды негізсіз жауапқа тартуға және заңсыз қамауға алуға кінәлі лауазымды адамдардың жауапкершілігі туралы мәселені дереу

шешу.

Тергеп-тексеру мерзімдерін үзу туралы қаулыны зерделей отырып, процесс прокуроры сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімін үзу объективті мәжбүрлі және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жалғастыру не оны аяқтау мүмкіндігін болдырмайтын жағдайларда қабылданған шешімге қайшы келмейтіні туралы мәселені анықтауға өз назарын аударуы тиіс.

Осы мақсатпен қылмыстық істерді тексере отырып, процесс прокуроры:

- ҚПК-нің 45-бабында көзделген негіздер бойынша және тәртіппен тергеу мерзімдері үзілді ме?

- тергеуші (анықтаушы) қылмыстық жауаптылыққа тартылуға жататын адам болмағанда жүргізілуі мүмкін барлық тергеу әрекеттерін орындады ма?

- адамды іздестіруге не анықтауға барлық ықтимал шаралар қолданылды ма?

- іс бойынша сот сараптамаларын, криминалистік зерттеулерді жүргізу және маманның қорытындысын алу қажеттілігі бар ма?

- криминалистік есепке алу деректері пайдаланылды ма?

- іс бойынша іс жүргізуді қайта бастауға негіздер жоқ па?

- қылмыстық процеске қатысушылардан және шешіммен мүдделері қозғалған үшінші тұлғалардан келіп түскен барлық өтінішхаттар мен шағымдар қаралды ма?

- ҚПК 105, 106-баптарының тәртібінде келіп түскен шағымдарды қарау нәтижелері қандай?

- жәбірленушіге қабылданған шешім туралы хабарланды ма және оған шағымдану мүмкіндігі берілді ме?

- сотқа дейінгі тергеп-тексерудің мерзімдерін бірнеше рет үзудің себептерін анықтау қажет.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін үзуге мына жағдайда жол беріледі:

1) қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның анықталмауы;

2) күдіктінің, айыпталушының ҚР шегінен тыс жерде болуы;

3) күдікті, айыпталушы қылмыстық қудалау органдарынан жасырынған не басқа себептер бойынша олардың болатын жері анықталмағаны;

4) заңда көзделген тәртіппен сот сарапшысы куәландырған күдіктінің, айыпталушының уақытша психикасының бұзылуы немесе өзге де ауыр науқастануы;

5) ҚПК-нің 59-тарауында көзделген тәртіппен құқықтық көмек алуға байланысты процестік әрекеттердің орындалуы;

6) хабар-ошарсыз кеткен адамның табылмауы;

7) күдіктінің, айыпталушының қылмыстық қудалаудан иммунитеттен айыру туралы не оларды шет мемлекеттерге ұстап беру (экстрадициялау) туралы мәселені шешуге байланысты іске нақты қатысу мүмкіндігінің болмауы;

8) қылмыстық іс бойынша одан әрі іс жүргізуге уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күш әрекетінің орын алуы;

9) сараптаманың тағайындалуы.

**Бұл тізбе түпкілікті болып табылатынын ескеру қажет.**

Қылмыстық жауапқа тартылуға жататын адам анықталмаған кезде процесс прокуроры мыналарды:

- жүргізілген жедел-тергеу іс-шараларының толықтығын;

- нақты адамдардың осы қылмысты жасауға қатыстылығы туралы барлық ұсынылған нұсқаларды тексерудің аяқталмағанын;

- барлық ұсынылған нұсқаларды;

- осы қылмысты ашу үшін жедел қызметтердің қатысуын қамтамасыз ету, қылмыстық-іздестіру істерін ашу қажеттілігін;

- ашылмаған қасақана кісі өлтіру не үлкен қоғамдық резонанс тудыратын қылмыс бойынша қылмыстық және (немесе) қылмыстық-іздестіру ісін жедел кеңестерде тыңдау кестесіне енгізуді;

- істе жедел-іздестіру бөлімшелері тергеушісінің (анықтаушы) қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамды анықтаудың мүмкін еместігі туралы тапсырмасына жауаптың болуын тексеруі тиіс.

Күдікті, айыпталушы ҚР шегінен тыс жерде болған кезде:

- осы адамның азаматтығы туралы анық мәліметтердің болуын;

- Минск конвенциясы талаптарының толық орындалуын;

- кінәліні сырттай соттау туралы мәселені шешу үшін негіздердің болуын тексеру қажет.

Күдікті, айыпталушы қылмыстық қудалау органдарынан жасырынған не басқа себептермен олардың жүрген жері анықталмаған жағдайда мыналарды тексеру керек:

- осы адамның қылмыс жасаудағы кінәсінің дәлелденгенін, іздеу салу туралы қаулы шығарудың толықтығы мен заңдылығын;

- ақталатын негіздер бойынша іс жүргізуді кейіннен тоқтатуға әкеп соғуы мүмкін адамның қылмыс жасауға қатысы жоқтығы туралы уәждерді ұсыну мүмкіндігі немесе қылмысты жеке айыптау ісіне қайта саралау мүмкіндігі жоққа шығарылған ба?

- заңды және бұлтартпау шарасы дұрыс таңдалды ма, ол жасалған қылмыстың ауырлығына сәйкес келеді ме және іздестіруді нақты қамтамасыз ете алады ма?

- жасырынған адамға қатысты іздестіру не жедел-іздестіру ісі қозғалған ба?

Заңда көзделген тәртіппен сот сарапшысы куәландырған күдіктінің, айыпталушының психикасының уақытша бұзылуы немесе өзге де ауыр науқастануы кезінде:

- күдіктінің, айыпталушының қатысуымен тергеу әрекеттерін жүргізудің мүмкін еместігі туралы медициналық мекеме басшысының жазбаша қорытындысының, стационарлық немесе амбулаториялық науқастың медициналық картасынан үзінді көшірменің және олардың дұрыстығының болуы;

- медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын тағайындау үшін негіздердің болуы;

- психикалық науқасты психиатриялық көмек көрсететін арнайы медициналық мекемеге орналастыру үшін этаппен апару қажеттігі;

- қылмыстық қудалау органының медициналық мекеме басшысының атына науқасты шығаруды дереу хабарлау туралы сұрау салуының болуы.

ҚПК-нің 59-тарауында көзделген тәртіппен құқықтық көмек алуға байланысты процестік әрекеттерді орындау кезінде:

- халықаралық тапсырманы жіберу туралы құжаттамалық растау бар ма;

- құқықтық көмек көрсету мәселелері бойынша қарым-қатынас тәртібі сақталды ма;

- тапсырманың негізді және уақытылы жіберілгені.

Хабар-ошарсыз кеткен адам табылмаған жағдайда мыналарды тексеру қажет:

- істе осы адамның хабар-ошарсыз жоғалғанын растайтын мәліметтердің болуы;

- осы адамның қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы кінәсінің дәлелденуі;

- лауазымды адамның белгілі және белгіленген адамға қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімін заңсыз үзу үшін осы себепті пайдалануын тексеру.

Күдіктінің, айыпталушының қылмыстық қудалаудан иммунитеттен айыру туралы не оны шет мемлекеттің ұстап беруі (экстрадициялауы) туралы мәселені шешуіне байланысты іске нақты қатысу мүмкіндігі болмаған кезде:

- осы адамның қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы кінәсінің дәлелденуі;

- адамның қылмыстық қудалаудан иммунитеті туралы куәландыратын заңнамалық актілердің болуы;

- ҚПК-нің 57-тарауының «Қылмыстық қудалаудан артықшылықтары мен иммунитеті бар адамдардың істері бойынша іс жүргізу ерекшеліктері» талаптарын орындау;

- Минск конвенциясы тәртібінде тапсырмалардың не шет мемлекетпен құқықтық көмек көрсету туралы халықаралық шарттардың көшірмелерінің болуы;

- қылмыстық қудалау органының жоғары тұрған немесе өзге де органдармен Интерполмен жұмыс істеу бойынша іс жүргізуінің болуы;

- ҚПК-нің 12-бөлімінің «Қылмыстық сот ісін жүргізу саласындағы халықаралық ынтымақтастық» талаптарын орындау.

Қылмыстық іс бойынша одан әрі іс жүргізуге уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күш әрекетіне байланысты шешім қабылдау кезінде:

- іс бойынша іс жүргізуге уақытша кедергі келтіретін дүлей зілзалалар, табиғи құбылыстар туралы метеорологиялық қызметтердің, ТЖ органдарының және өзге де ұйымдардың құжаттамалық растауының болуы;

- қылмыстық істі зерделеу кезінде өңірдегі метеорологиялық жағдай жақсарғандығын білу қажет.

Қылмыстық іс бойынша сот сараптамасын тағайындау кезінде:

- тиісті сараптаманы тағайындау туралы қаулының болуы;

- сараптамалық зерттеулер үшін барлық қажетті материалдарды уақытылы жіберу;

- тағайындалған сараптаманың қорытындысына қарамастан мүмкін болатын барлық тергеу әрекеттері мен қажетті іс-шараларды жүргізу қажет.

Процесс прокуроры жекелеген қылмыс түрлерін тергеу әдістемелерін меңгеруге тиіс. Бұл оған қабылданған іс жүргізу шешімін келісуден бас тарту туралы қаулылардың жобасында алдыңғы тергеудің нақты кемшіліктерін ғана емес, оларды жою үшін қажетті тергеу әрекеттерін де көрсету үшін қажет (№6 қосымша және 7, 8, 9 суреттер).



Штатное рабочее место | ИС "Судовый" | ЕРСР | Уголовно-процессуальный... | Выход

10.61.20647 (нет) / без / main | Журналы | Календарь | АРМ ЕРСР | Карта правоохранительной | Журнал ОРД | Выезд сервера: 31.07.2025 11:39 (г. Астана) | КАЗ | РУС | ОМБЕКОВ, И.А.

Решение ЕРСР | Вложения (ЕСС) | Журнал ОРД | Оценки документов | Журнал ОРД | Выезд сервера: 31.07.2025 11:39 (г. Астана) | КАЗ | РУС | ОМБЕКОВ, И.А.

1. Номер ЕРСР: 236220031000285

\*2. Орган расследований: 19620003

\*3. Форма досудебного расследования: следствие

\*4. Решение по ЕРСР: Отказано в согласовании постановления о прекращении срока расследования

4.8 В связи с принятием: Заявка РК

4. Дата принятия решения: 30.05.2025 18:06

4. Кто принял решение: прокурором

4. Решение по инициативе:

4.1. Описание решения: УСТ/НС/ВП 23.05.2023 года ОП Г. Стырская на основании заявления Пастовой Л. извести расследование по п. 1 ст. 100 УК в отношении неизвестных лиц по факту мошенничества, совершённого в крупном размере. Установлено, что 18.05.2023 года неизвестное лицо в ходе разговора по номеру телефона 7 (812) 661-0664 и злоупотребила доверием заявителя денежными средствами по переписи Пастовой Л.В. в размере 7 647 453 тенге. 28.05.2025 года следствием ДП области Жукажановой А.А. принято решение о прекращении срока досудебного расследования на основании п.1 ч.7 ст.45 УПК РК. Задачами уголовного процесса является пресечение, беспристрастное, быстрое и полное раскрытие и расследование уголовных дел. По уголовному делу необходимо в ходе дознания расследования необходимо вновь вернуться к исполнению указаний прокурора и принять законное процессуальное решение.

5. Классификация: ст.190 УКЗ | Множественно

\*1.п.п. 01 | Интерактивный помощник

5. По ст.11 УК РК

5. По ст.24 УК РК

5.1. Классификация (1997 год)

11.1. Дата, до которой прокурором установлен срок расследования: 19.06.2025 18:07

13.1. Инициатор:

13.1. Исходящий номер

13.1. Дата запроса

14. Приложение

\*15. Должностное лицо: Урельбева Р.С.

\*15. Должностное лицо (код службы): Руководство

\*16. Прокурор: Алиева О.Б.

\*17. Прокурорская характеристика: 19622001 | Уголовно-процессуальный кодекс

Дата регистрации: 30.05.2025 18:06 | Дата корректировки: 30.05.2025 18:06

Закрыть | Печать | ОДЮ ПОД опер | Описать документ

Моб: 25.51.51 (2874) | IP: 168.168.168.168

Чтобы начать поиск, введите запрос

1839 | 31.07.2025



3-кестеде тергеу мерзімдерін ұзу туралы қаулыға қойылатын талаптар келтірілген.

**3-кесте. Тергеп-тексеру мерзімдерін ұзу туралы қаулыға қойылатын талаптар**

<b>№</b>	<b>Критерийлер</b>	<b>ҚПК-не сәйкес</b>
1.	Қаулыға қойылатын талаптар	дәлелді, заңды және негізделген
2.	Шығару мерзімі	мән-жайлар анықталған кезде
3.	Прокурорға жолдау мерзімі	Тәулік ішінде
4.	Процесс прокурорының қарау мерзімі	3 тәулік ішінде; 10 тәулік ішінде (қылмыстық іс сұратылған жағдайда)
5.	Процесс прокуроры шешімдерінің түрлері	қаулыны келісу туралы; келісуден бас тарту туралы (дәлелді)
6.	Құрылым бойынша талаптар	ҚПК-нің 45-бабының 7-бөлігінде көзделген негіздердің болуы
7.	Жариялау (хабарлау), түсіндіру, көшірмесін беру тәртібі	процеске қатысушыларға сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам хабарлайды.

## **2.2. Процесс прокурорының қылмыстық істі қосымша тергеуге қайтаруы және кінәні мойындау туралы процестік келісім жасасу өтінішхатын қарау кезіндегі өкілеттіктері**

Нұсқаулықтың №2 қосымшасына сәйкес қылмыстық істі қосымша тергеу үшін қайтару туралы процесс прокурорының қаулысы прокуратура басшысының бекітуіне жатады.

Мәселен, қылмыстық істі зерделеу нәтижелері бойынша процесс прокуроры алдын ала тергеудің толықтығын, объективтілігін және жан-жақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған қабылданған шаралардың заңдылығын тексеруді жүргізеді. Осы қызмет шеңберінде айыпталатын әрекеттің жасалу фактісін және онда қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілерінің болуын анықтауға ерекше назар аударылады. Сондай-ақ қылмыстық қудалауды тоқтату үшін негіздердің болуы немесе болмауы, күдіктіге (айыпталушыға) тағылған әрекеттің құқықтық саралануының дұрыстығы және ұсынылған күдіктіні (айыптауды) растайтын жол берілетін дәлелдемелер жиынтығының жеткіліктілігін тексереді.

Прокурор адамның қылмыстық әрекеттің барлық анықталған эпизодтары бойынша күдікті деп танылғанына және олардың қатыстылығына дәлелдемелер бар барлық адамдарды қылмыстық жауаптылыққа тарту шаралары қабылданғанына көз жеткізуі тиіс. Таңдап алынған бұлтартпау шарасының негізділігі, оны өзгерту немесе жою үшін негіздердің болуы, сондай-ақ азаматтық талап қоюды және мүлікті

ықтимал тәркілеуді қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелердің орындалуы тексерілуге жатады.

Қылмыстық процестік заңнаманың нормаларын елеулі бұзушылықтардың, процестік шығындарының сомасын белгілеуге және оларды өндіріп алуға бағытталған шаралардың, сондай-ақ процестік келісім жасау үшін негіздердің болуына назар аудару қажет.

Процесс прокуроры қылмыстық іс материалдарындағы нақты деректердің толық және дұрыс баяндалуын, сондай-ақ сауалнамалық деректердің процеске қатысушылардың жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкестігін қосымша тексереді. Күдіктінің (айыпталушының) қорғалу құқықтарын сақтауға, сот ісін жүргізу тілін таңдауға және ҚПК-нің 64 және 65-баптарында көзделген басқа да іс жүргізу құқықтарын іске асыруға ерекше мән беріледі.

Осыған байланысты күдіктілердің, жәбірленушілердің және куәлардың айғақтары, куәгерлердің және тергеу әрекеттеріне өзге де қатысушылардың қолдарының түпнұсқалығы, дәлелдемелердің дұрыстығы мен жарамдылығы, сондай-ақ тергеу құжаттарының дұрыс рәсімделуі мұқият тексерілуге тиіс.

ҚПК-нің 296-бабының ережелерін ескеру маңызды, оған сәйкес күдіктіні және оның қорғаушысын іс материалдарымен таныстыру аяқталғаннан кейін тергеуші олардың тарапынан өтініштердің және өзге де арыздардың бар-жоғын анықтауға міндетті. Олар ұсынған қосымша дәлелдемелер қылмыстық іс

материалдарына міндетті түрде тігілуге тиіс.

Айыптау тарапының сол кездегі барлық дәлелдемелерді ұсынбауы мұндай материалдарды жарамсыз деп тануға әкеп соғатынын ескеру қажет.

Сонымен қатар, қорғаушы тарап тандалған стратегияға сүйене отырып, оның қолындағы барлық дәлелдемелерді ашуға міндетті емес.

Сотқа дейінгі тергеу барысында жиналған нақты деректерді талдау кезінде прокурор олардың айыптау актісінде (айыптау хаттамасында) дұрыс көрсетілгеніне, құқықтық саралаудың негізділігіне, сондай-ақ дәлелдеуге жататын барлық мән-жайлардың тиісті дәлелдемелермен бірге сипаттау бөлігінде толық және дәйекті көрініс тапқанына көз жеткізуге тиіс.

Дәлелдемелерді бағалау тергеу әрекеттерінің хаттамаларын және қылмыстық істің өзге де материалдарын зерделеу жолымен жүзеге асырылады.

Бұл ретте прокурор айыпталушының кінәсін растайтын дәлелдемелерге ғана емес, оның пайдасына куәландыратын дәлелдемелерге де назар аударуға тиіс.

Қорғаушының сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында берілген дәлелдемелерді алып тастау туралы өтініштері ерекше назар аударуға лайықты.

Олар тергеушінің осы өтініштер бойынша қабылдаған шешімдерінің заңдылығы, негізділігі және дәлелділігі тұрғысынан, мәлімделген дәлелдер мен тиісті құқықтық салдардың мазмұнын ескере отырып, талдануға жатады.

ҚПК-нің 612-бабының 1-бөлігіне сәйкес кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік

келісімді онша ауыр емес, ауырлығы орташа қылмыстық құқық бұзушылықтар, сондай-ақ ауыр қылмыстар бойынша процесс прокуроры күдіктінің немесе айыпталушының күдік келтірумен не айыптаумен келісімі болған кезде жасасуы мүмкін.

Қылмыстық қудалау органына күдіктіден, айыпталушыдан не олардың қорғаушысынан процестік келісім жасасу туралы өтініш келіп түскеннен кейін ол қылмыстық іс материалдарымен бірге үш тәулік ішінде процесс прокурорына жіберіледі.

Процесс прокуроры іс материалдарын алғаннан кейін процестік келісім жасасу мүмкіндігін бағалайды. Оң шешім болған жағдайда ол қорғау тарапына келісімнің шарттарын талқылауды ұсынады не өтінішті қанағаттандырудан бас тарту туралы жазбаша хабарлама жібереді. Бұл ретте процесс прокуроры осы мәселе бойынша олардың ұстанымын анықтау мақсатында күдіктіні, айыпталушыны, олардың қорғаушысын, сондай-ақ жәбірленушіні шақырып, процестік келісім жасасудың заңдылығы мен жол берілетіндігін тексеруге міндетті.

Өтінішхат берген адамға процесс прокуроры келісім жасасудың құқықтық салдарын, сондай-ақ оны келісім жасасудан бас тарту құқығын түсіндіреді.

Тараптардың келісіміне қол жеткізілген кезде процестік келісім жеті тәулік ішінде жасалады және оған барлық қатысушылар қол қояды.

Прокурор жасалған қылмыстың ауырлығын, күдіктінің (айыпталушының) жеке басының мінездемесін, сондай-ақ қоғам мүдделері мен

әділеттілік қағидатын бағалай отырып, процестік келісім жасасудан бас тартуға құқылы екенін атап өткен жөн. Мұндай бас тарту шағымдануға жатпайды.

Процестік келісім жасау рәсімі ҚПК-нің 63-тарауының ережелерін, сондай-ақ «Соттардың қылмыстық істерді келісімдік іс жүргізуде қарау практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 7 шілдедегі №4 Нормативтік қаулысында қамтылған түсініктемелерді қатаң сақтауды талап етеді.

ҚПК-нің 615-бабына сәйкес процесс прокуроры келісім жасасу мүмкіндігі туралы мәселені қарау кезінде мыналарды тексеруі тиіс:

- адам жасаған әрекет процестік келісім жасалуы мүмкін қылмыстар санатына жатады ма?

- өтінішхат ерікті түрде мәлімделген бе және адам оны жасасудың құқықтық салдарын сезіне ме?

- адамның жиналған дәлелдемелермен және әрекеттің құқықтық саралануымен келісімі бар ма?

- тұлға келтірілген залалдың сипаты мен мөлшерін, сондай-ақ мәлімделген азаматтық талапты таниды ма?

- қылмыстық қудалауды тоқтатуды талап ететін мән-жайлар жоқ па?

Көрсетілген мән-жайларды анықтау үшін прокурор күдіктіні, айыпталушыны, олардың қорғаушысын және жәбірленушіні шақырады. Барлық әрекеттер күдіктіге (айыпталушыға, сотталушыға) және жәбірленушіге жеке түрде ҚПК-нің 199-бабына сәйкес рәсімделетін хаттамалармен тіркеледі. Бұл егер жәбірленуші сотта бұрын білдірілген келісімнен бас тартқан жағдайда істі

қайтаруды болдырмау қажеттілігіне негізделген.

Хаттамаларда:

- процесік келісім жасасу немесе жасасудан бас тарту құқығын түсіндіру;

- ҚПК-нің 613 және 614-баптарына сәйкес келісім жасасудың шарттары мен құқықтық салдары;

- залалды өтеудің өз шарттарын ұсыну мүмкіндігі көрсетіледі.

Күдіктімен (айыпталушы, сотталушы) жасалған хаттамада келісімнің еріктілігі және қысымның, оның ішінде азаптаудың немесе жол берілмейтін қарым-қатынастың өзге де нысандарының жоқтығы туралы оның өз қолымен жазылған жазба болуы міндетті.

Жәбірленушімен хаттамада оның келісімнің мәнін түсінуі және құқықтық салдарды, оның ішінде кейіннен талаптардың мөлшерін өзгертудің не өз келісімін кері қайтарып алудың мүмкін еместігін ұғынуы көрсетіледі.

Хаттамаларға прокурор, қатысушы тараптар және олардың қорғаушылары қол қояды.

Жәбірленушінің процесік келісім жасасуға келісімі туралы өтініші негізінде, зиянды өтеу мәселесі бойынша оның ұстанымын ескере отырып, прокурор ҚПК-нің 616-бабының тәртібінде келісім жасайды. Оған процесс прокуроры күдікті (айыпталушы, сотталушы) және олардың қорғаушысы қол қояды (№8 қосымшаны қараңыз).

Жәбірленуші келіспеген жағдайда процесік келісім жасалмайды.

Процесс прокурорының процесік келісім

жасасудан бас тартуы шағымдануға жатпайтынын, алайда мән-жайлар өзгерген кезде оны болашақта жасасу мүмкіндігін жоққа шығармайтынын атап өту маңызды.

**2.3. Тергеу сотының шешімдерін қайта қарау туралы өтінішхат енгізу, күдіктінің әрекеті үшін материалдық жауапты адамның мүлкіне билік етуді уақытша шектеу және есірткі заттарын жоюды келісу кезіндегі процесс прокурорының өкілеттіктері**

Сотқа дейінгі тергеу шеңберінде процесс прокурорының тергеу судьясының қаулылары мен санкцияларына шағымдану және өтінішхат беру тәртібі ҚПК-нің 107-бабымен реттеледі.

Тергеу судьясының қаулыларына күдіктіге, оның қорғаушысына, заңды өкіліне, жәбірленушіге, өкіліне, сондай-ақ құқықтары мен бостандықтары көрсетілген процестік актісімен тікелей қозғалған адамдарға шағымдану құқығы берілген. Процесс прокурорының өз кезегінде, мұндай қаулылардың заңдылығы мен негізділігін тексеру туралы өтінішхат беруге құқығы бар.

Прокурордың өтінішхаты немесе процеске қатысушының шағымы берілуі мүмкін актілердің қатарына:

- бұлтартпау шарасын санкциялау не санкциялаудан бас тарту (күзетпен ұстау, экстрадициялық қамау, ұйқамақ, кепіл), оларды қолдану мерзімін ұзарту;

- санкцияланған бұлтартпау шарасының күшін жою

не оның күшін жоюдан бас тарту;

- мүлікке тыйым салу не тыйым салудан бас тарту;
- эксгумация не оны өткізуден бас тарту;
- халықаралық іздестіру жариялау немесе бас тарту;
- адамды сот-медициналық немесе сот психиатриялық сараптама үшін медициналық ұйымға орналастыру не бас тарту;
- кепіл затын мемлекет кірісіне айналдыру не одан бас тарту;
- прокурордың, сотқа дейінгі тергеу органдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағым келтіру;
- қарап-тексеруді, тінтуді, алуды, жеке тінтуді, мәжбүрлеп куәландыруды және үлгілер алуды санкциялау немесе санкциялаудан бас тарту;
- сараптама тағайындау не оны тағайындаудан бас тарту, сондай-ақ жасырын әрекеттерді қоспағанда, тергеу әрекеттерін жүргізу жатады.

Тергеу судьясының қаулысына жария етілген кезден бастап үш тәулік ішінде шағым жасалуы немесе прокурормен шағым жасалуы мүмкін. Шағым немесе өтінішхат шағым жасалған қаулыны шығарған сот арқылы облыстық немесе оған теңестірілген сотқа беріледі. Дәлелді себептер болған жағдайда мерзім қалпына келтірілуі мүмкін. Шағым немесе өтінішхат беру белгілі бір шешімдердің, атап айтқанда, қамауға алуға, сараптамаларға немесе бұлтартпау шараларына қатысты шешімдердің орындалуын тоқтата тұрмайды.

Мүлікке билік етуді уақытша шектеу - бұл қылмыстық қудалау органы қоғамдық мүдделерді

қорғау, ықтимал тәркілеуге, өндіріп алуға немесе талап қоюды қамтамасыз етуге жататын мүліктің жоғалуын немесе жасырылуын болдырмау мақсатында қолданатын алдын ала қамтамасыз ету шарасы.

ҚПК-нің 161-бабына сәйкес тергеушіден күдіктінің немесе оның іс-әрекетіне материалдық жауапты басқа да адамдардың мүлкіне билік етуге уақытша шектеу енгізу туралы хабарлама алғаннан кейін процесс прокуроры мынадай іс-әрекеттерді жүзеге асырады:

- Шектеу енгізу үшін негіздердің болуын тексереді (мүлікті жасыру, бүлдіру, ұрлау немесе ысырап ету катері);

- Шектеуге жатпайтын мүлікті (мысалы, әлеуметтік төлемдер, тұрғын үй субсидиялары және т.б.) қоспағанда, қабылданатын шаралардың мөлшерлестігін бағалайды;

- Бұзушылықтар анықталған жағдайда шектеуді алып тастауға немесе оны өзге тиісті шарамен ауыстыруға бастамашы болады;

- Өкілеттіктерді теріс пайдалануға жол бермеу бойынша шаралар қабылдайды (мысалы, мүлікті жоғалту қаупінің жалған негіздемелері);

- Тергеушінің мүлікке тыйым салу туралы өтінішхатты қозғау туралы қаулысын алған кезде күдік келтірудің негізділігін, мүліктің күдіктіге тиесілі екендігі туралы дәлелдемелердің болуын бағалайды, сондай-ақ мүліктің құны, орналасқан жері және мақсаты туралы мәліметтерді салыстырады;

- Мүлікке тыйым салуды санкциялау туралы өтінішті сотта қарауға қатысады, сотқа қосымша

материалдар ұсынады және қорытынды береді;

- Тергеу соты мүлікке тыйым салуды санкциялаудан бас тартқан жағдайда үш тәулік ішінде жоғары сатыдағы сотқа шешімді қайта қарау туралы өтініш береді.

Тәркіленген есірткілер мен психотроптық заттарды жою процесінде процесс прокурорының рөлі заңдылық және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу тұрғысынан негізгі болып табылады. Бұл жерде белгіленген тәртіпті қатаң сақтау, егжей-тегжейлерге назар аудару және бұзушылықтарға дер кезінде ден қою талап етіледі.

Мәселен, ҚПК-нің 221-бабына сәйкес есірткі, психотроптық заттарды аса ірі мөлшерге жатқызу үшін белгіленген шектен асатын мөлшердегі есірткі құралдары, психотроптық заттар сот сараптамасы жүргізілгеннен кейін, қылмыстық қудалау органының қаулысы негізінде прокурордың келісімімен, іске қоса тіркелген заттай ретінде танылған үлгілерді қоспағанда, тиісті тәртіппен жойылуға тиіс дәлелдемелер.

Оларды жою тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 желтоқсандағы №1291 Қаулысымен бекітілген «Қылмыстық істер бойынша соттың, прокуратура, қылмыстық қудалау және сот сараптамасы органдарының заттай дәлелдемелерді, алынған құжаттарды, ұлттық және шетел валютасындағы ақшаны, есірткі құралдарын, психотроптық заттарды алу, есепке алу, сақтау, беру және жою қағидаларында» регламенттелген.

Осылайша, процесс прокуроры есірткі құралдарын жою туралы қаулының жобасын алғаннан кейін, қоса берілген құжаттар пакетінің бар-жоғын тексеруі керек, онда:

- сот сараптамасының қорытындысы;
- алынған заттардың тізімдемесі;
- үлгілерді іріктеу хаттамасы;
- фото және бейнематериалдар;
- екі данада жасалған жою актісінің жобасы болуы тиіс.

Үлгілер аса ірі үлгіге тең мөлшерде іріктелуі; маманның қатысуы; міндетті бейнежазбамен; буып-түйілген, мөрленген, қол қойылған болуы тиіс. Бұл ретте заттай дәлелдеме бойынша зерттеудің аяқталғанына немесе сот үкімінің күшіне енгеніне көз жеткізу қажет.

Есірткі заттарды жою жөніндегі комиссияның құрамына: қылмыстық қудалау органы басшысының орынбасары (төраға); істі жүргізетін тергеуші; кеңсе және сақтау камерасының қызметкерлері; қажет болған жағдайда - сот орындаушысы, экология жөніндегі маман, медицина қызметкері. Оларды жою өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтай отырып, өртеу жолымен жүргізіледі.

Келісуден бас тартуға:

- сот сараптамасының болмауы;
- үлгілер іріктелмеген немесе бұзушылықтармен іріктелген;
- жою мерзімдері немесе ережелері бұзылған, мысалы іріктеу сәтінен бастап 72 сағаттан астам уақыт

өткен;

- бейнетүсірілім қамтамасыз етілмеген;
- қаптамаға және тізімдемеге қойылатын талаптар сақталмаған болуы тиіс.

### **3. ПРОЦЕСС ПРОКУРОРЫНЫҢ БІРІНШІ САТЫ СОТЫНДАҒЫ РӨЛІ ЖӘНЕ АЙЫПТАУДЫ ҚОЛДАУЫ**

Процесс прокуроры (топ) айыпталушыны сотқа беру сатысында іс бойынша мемлекеттік айыптаушының (бұдан әрі - мемлекеттік айыптаушы (процесс прокуроры) ұстанымын дербес әзірлейді және бірінші сатыдағы сотта, оның ішінде келісімдік іс жүргізу тәртібімен талқылау кезінде мемлекеттік айыптауды қолдайды.

Мемлекеттік айыптаушы (процесс прокуроры) сотқа дейінгі тергеу барысында жиналған дәлелдемелерді, оның ішінде қосымша тергеу әрекеттерін жүргізу, куәларды, сарапшыларды, мамандарды және басқаларды шақыру туралы өтініштерді уақытылы мәлімдеу арқылы соттың жан-жақты, толық және объективті зерттеуін қамтамасыз етуге тиіс. Қажет болған кезде ол процеске қатысушылардың дәлелдерін жарамсыз деп тану туралы өтінішхат беруге және олардың негізсіз өтініштерін даулауға, сондай-ақ қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтарын шектейтін кез келген заң бұзушылықтарға ден қоюға міндетті.

Процестің басқа қатысушылары сот отырысына келмеген жағдайда, ол адамдардың тиісті

жауаптылығы не ақшалай өндіріп алу туралы мәселелерге бастамашылық жасау туралы сот алдында өтініш жасауға, ал негіздер болған кезде сотталушыға бұлтартпау шарасын неғұрлым қатаң шараға өзгерту туралы өтініш білдіруге міндетті.

Сотталушыға жаза тағайындау туралы ұстанымды баяндаған кезде мемлекеттік айыптаушы (процесс прокуроры) ұсынылып отырған жаза қылмыстың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесін, кінәлінің жеке басын, сондай-ақ қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларды ескере отырып, мөлшерлес және әділ болуы үшін қолданыстағы заңнаманың талаптарын басшылыққа алады.

Айыптау онша ауыр емес айыпқа, айыптаудан толық немесе ішінара бас тартуға өзгертілген жағдайда мемлекеттік айыптаушы (процесс прокуроры) өтінішхатты сотта мәлімдегенге дейін айыптауды өзгерту немесе бас тарту себептері туралы жазбаша қорытындыны (анықтаманы) прокуратура басшысына ұсынады. Процесс прокурорының ұстанымымен келіспеген кезде прокуратура басшысы үш тәулік ішінде басқа процесс прокурорына ауыстыру туралы шешім қабылдайды не мемлекеттік айыптауды одан әрі қолдауды жеке өзі жүзеге асырады.

Бұл факт сот үкімі заңды күшіне енгеннен кейін, прокуратура басшысы жанындағы жедел кеңесте қаралуға жатады.

Мемлекеттік айыптаушының (процесс прокуроры) сот жарыссөзіндегі сөзі дәлелді, заңдық сауатты және

профилактикалық әсер ететін болуға тиіс.

Айыптау позициясы, сот актісі және процесс прокурорының қорытындысы қадағалау іс жүргізуіне қоса тіркеледі. Мемлекеттік айыптаушының (процесс прокуроры) қылмыстық заңды қолдану туралы қорытындысы қолданыстағы заңнаманың нормаларына негізделеді.

Қылмыстық іс Бас прокуратураның немесе облыс прокуратурасының бақылауында болған жағдайда, іс бойынша ұстаным тараптардың жарыссөзіне дейін бес жұмыс күнінен кешіктірілмей алдын ала 2-Қызметпен келісіледі.

Мемлекеттік айыптаушы (процесс прокуроры) іс бойынша сот шешімін жариялау кезінде қатысады, оның нәтижелерін прокуратура басшысына дереу баяндайды, сондай-ақ ҚПК-нің 348-бабында көзделген мерзімде басты сот талқылауының хаттамасымен танысуға және қажет болған жағдайда оған жазбаша ескертулер келтіруге құқылы.

Сот шешімінің (үкім, қаулы) көшірмесін алғаннан кейін дереу оның заңдылығы туралы қорытындымен бірге сот актілерінің заңдылығын қадағалау және қылмыстық істер бойынша мемлекет мүддесіне өкілдік ету жөніндегі тиісті құрылымдық бөлімше тексеруді ұйымдастыру үшін прокуратура басшысына береді.

Мемлекеттік айыптаушының (процесс прокуроры) қорытындысында:

- сотталғанның (ақталған) сауалнамалық деректері;
- істің қысқаша мазмұны, саралануы;
- шығарылған сот актісі туралы мәліметтер;

- шешім шығарылған күн және соттың атауы;
- сот шешімінің қарар бөлігінің мазмұны;
- апелляциялық өтінішхат енгізу үшін негіздердің болуы немесе болмауы туралы қорытындылар көрсетілуі тиіс.

Сот заңсыз шешім шығарған жағдайда, сондай-ақ ұстанымда елеулі алшақтықтар болған кезде процесс прокуроры апелляциялық өтінішхат келтіру туралы мәселені апелляциялық мерзімдерде шешеді (көшірмесі қадағалау өндірісіне қоса тіркеледі).

Егер сот актісі процесс прокурорының ұстанымына сәйкес шығарылса, бірақ одан әрі оған апелляциялық өтінішхат берілсе, бұл факт прокуратура басшысының жанындағы жедел кеңесте қаралуға жатады.

Алқабилердің қатысуымен қаралуға жататын қылмыстық істер бойынша процесс прокуроры қылмыстық қудалау органдарымен ҚПК-нің 634-бабы талаптарының сақталуын тексереді.

## **Қорытынды**

Бұл әдістемелік ұсынымдарда процесс прокурорының тағайындалған кезден бастап сотқа дейінгі сатыдағы тергеп-тексеру барысындағы рөлінің, құқықтары мен міндеттерінің, қадағалау жүргізудегі өкілеттігінің, сондай-ақ сотта мемлекеттік айыптауды қолдауына қатысты қызметінің ерекшеліктері баяндалды.

Процесс прокурорының ақпараттық жүйелермен жұмыс жасау дағдылары да жас мамандарға бағыт-бағдар көрсетеді.

Бір сөзбен айтқанда, процесс прокурорының нақты құзыретінің қалай жүзеге асырылатыны туралы алгоритмі осы ұсынымдарда рет-ретімен көрініс тапты.

Жалпы процесс прокурорының жұмысы қылмыстық істер бойынша жинақталған дәлелдемелерге тәуелсіз баға беруді, заңды процестік шешім қабылдауды, кінәліге дұрыс айып тағуды және оны сотта қолдауды қамтамасыз етеді.

Процесс прокурорының келісімінсіз қылмыстық қудалау органдарының барлық негізгі процестік шешімінің заңдық күші және құқықтық салдары болмайды. Шешім прокурормен бекітілмейінше азаматтарды қылмыстық процестің орбитасына тартуға жол берілмейді, сол арқылы тергеу әрекетінің ашықтығы мен қабылданатын процестік шешімдердің заңдылығы қамтамасыз етіледі.

Мұндай өкілеттіктер құқыққорғау қорғанын қалыптастырып, тергеу органдарының негізсіз және заңсыз шешімдерінен қорғап отырады.

№1 қосымша

**ҚАУЛЫ**  
**процесс прокурорын (прокурорларын) анықтау**  
**туралы**

« » \_\_\_\_\_ 202 ж.

№ \_\_\_\_\_ сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарын карап, прокуратура басшысы, лауазымы, Т.А.Ә.

**АНЫҚТАЛДЫ:**

Фабула, шешім қабылдаудың нақты негіздері

\_\_\_\_\_ ,  
 Осы факт « » 202\_\_ жылы СДТБТ-де (органның атауы) № ҚР ҚК -бабының –бөлігімен тіркелген не ол бойынша кезек күттірмейтін тергеу әрекеттері басталған.

Баяндалғанды ескере отырып, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің толықтығын, объективтілігін және жан-жақтылығын қамтамасыз ету, сондай-ақ осы іс бойынша мемлекеттік айыптаушы ретінде бірінші сатыдағы сотқа қатысу мақсатында процесс прокурорын (прокурорларын) айқындау қажет.

Баяндалғанның негізінде, ҚПК-нің 58, 193, 198-баптарын басшылыққа ала отырып,

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. ҚР ҚК \_\_\_\_\_-бабының \_\_\_-бөлігі \_\_\_-тармағы бойынша СДТБТ-де тіркелген № \_\_\_ сотқа дейінгі

тергеп-тексеру материалы бойынша процесс прокурорлары сотқа дейінгі тергеп-тексерудің заңдылығын қадағалауды айқындалсын және оған сондай-ақ бірінші сатыдағы сотқа мемлекеттік айыптаушы ретінде қатысу тапсырылсын.

2. Қаулы сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарына қоса тіркелсін.

3. Қабылданған шешім туралы мүдделі тұлғаларға хабарласын.

Прокуратура басшысы, лауазымы Т.А.Ә, қолы

**ҚАУЛЫ**  
**процесс прокурорын (прокурорларын)**  
**ауыстыру туралы**

\_\_\_\_\_ 202\_ ж. «\_» \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_ сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарын қарап, прокуратура басшысы, лауазымы, Т.А.Ә.

**АНЫҚТАДЫ:**

Фабула, шешім қабылдаудың нақты негіздері

\_\_\_\_\_ ,  
Осы факт «\_» 202\_ жылы СДТБТ-де (органның атауы) №\_ ҚР ҚК -бабының -бөлігімен тіркелген не ол бойынша кезек күттірмейтін тергеу әрекеттері басталған.

«\_» \_\_\_\_\_ 202\_ жылғы \_\_ сотқа дейінгі тергеп-тексерудің толықтығын, объективтілігін және жан-жақтылығын, сондай-ақ осы іс бойынша мемлекеттік айыптаушы ретінде бірінші сатыдағы сотқа қатысуды қамтамасыз ету мақсатында процесс прокуроры (лауазымдары), процесс прокурорының Т.А.Ә.

Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің заңдылығын қадағалауды одан әрі жүзеге асыру, сондай-ақ бірінші сатыдағы сотқа мемлекеттік айыптаушы ретінде қатысу үшін белгілі бір процесс прокуроры (прокурорларын) ауыстыру себептері мен негіздері талап етілетінін ескере отырып, оны процесс

прокурорымен ауыстыру талап етіледі.

Баяндалғанның негізінде, ҚПК-нің 58, 193, 198-баптарын басшылыққа ала отырып,

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. № \_\_\_\_\_ СДТБТ қылмыстық ісі бойынша процесс прокуроры - (лауазымы, Т.А.Ә.)

2. Осы қылмыстық іс бойынша процесс прокурорына: \_\_\_\_\_ сотқа дейінгі тергеп-тексерудің заңдылығын қадағалауды одан әрі жүзеге асыруды, сондай-ақ бірінші сатыдағы сотқа мемлекеттік айыптаушы ретінде катысуды тапсырамын.

3. Қаулы сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарына қоса тіркелсін.

4. Қабылданған шешім туралы мүдделі тұлғаларға хабарласын.

Прокуратура басшысы, лауазымы Т.А.Ә, қолы

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру  
және қылмыстық қудалау  
зандылығын қадағалауды  
ұйымдастыру жөніндегі  
нұсқаулықтың  
№2 қосымшасы

## **Процестік құжаттарды қарау, келісу (келісуден бас тарту), қол қою және бекіту кестесі**

1. Қылмыстық істер бойынша процестік шешімдеріне:

Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, Бас Прокурордың бірінші орынбасары, орынбасарлары, Қызмет бастығы, оның орынбасарлары, Бас Прокурордың аға көмекшілері мен көмекшілері, Қызмет бөлімшелерінің бастықтары, Қызметтің аға прокурорлары мен прокурорлары, Бас әскери прокурор, Бас көлік прокуроры, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар прокурорлары және олардың орынбасарлары, аға көмекшілері мен көмекшілері, аға прокурорлар және облыстардың, аудандар, қалалар прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар, олардың орынбасарлары, ҚПК белгілеген өкілеттіктер шегінде әрекет ететін ПБ бөлімдерінің бастықтары, аға прокурорлар және қалалық, аудандық прокуратуралардың прокурорлары.

Прокурордың келісуі және бекітуі қаулыны электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландыру арқылы, ал қағаз түрінде ресімделген процестік шешімдер мен әрекеттер бойынша қаулының бірінші бетінің жоғарғы оң жақ бұрышына прокурордың лауазымы, тегі, аты-жөні және қол қойылған күні көрсетіле отырып, оның қолымен расталатын «Келісемін», «Бекітемін» деген белгі қою жолымен жүзеге асырылады.

Келісу, бекіту, бас тарту, сондай-ақ қылмыстық істер бойынша шешімдер қабылдау жөніндегі өкілеттіктер төмендегі 4-кестеде көрсетілген.

Атауы	Бас Прокурор және орынбасарлары	Қызмет бастығы, басқарма бастығы <sup>1</sup>	Қызмет бастығының орынбасарлары	Облыс прокурорлары және орынбасарлары	Аудан прокуроры	Прокурор орынбасары	Процесс прокуроры	ҚК қызметкерлері
НПШ келісу/келісуден бас тарту	+	+	+	+	+	+	+	+
ҚПК келісу (ҚПК 202-бабының 2-бөлігі, 203-бабының 1-бөлігі)	+			+	+	+		
тоқтатуды бекіту/бекітуден бас тарту	+	+	+	+	+	+		
НПШ күшін жою	+	+ <sup>13</sup>	+	+	+	+		
ҚПК 190-б. 7-б., 192-2-б. 6-б., 528-б. 3-б., 629-3-б. 4-б.	+	+ <sup>13</sup>	+	+	+	+		
айыптау актісін бекіту/жасау	+	+	+	+	+	+		
істі қосымша тергеуге қайтару	+	+	+	+	+	+	+	3
істі толық көлемде немесе нақты адамдарға қатысты тоқтату	+	+ <sup>13</sup>	+	+	+	+		
кінәні мойындау туралы мәміле түріндегі процесстік келісім жасасу	+	+	+	+	+	+	+	
тергеу судьяларының шешімдерін қайта қарау туралы өтінішхат шығару	+	+	+	+	+		+	
қаулыларды келісу (ҚПК 260-б. 2-б.)	+	+	+	+	+	+		
қаулыларды келісу (ҚПК 147, 153-	+	+	+	+	+			

<sup>1</sup> Қылмыстық-процестік Кодексінің 193-бабына сәйкес басқарма басшылары (2023 жылғы 6 наурыздан бастап қолданысқа енгізіледі)

ҚК қызметкерлеріне: Бас прокуратураның сотқа дейінгі тергеп-тексеру және қылмыстық құдалаудың заңдылығын қадағалау қызметінің аға көмекшілері, көмекшілері, аға прокурорлары, прокурорлары, бөлім меңгерушілері, аға көмекшілері, көмекшілері, аға прокурорлары, облыстық прокуратуралардың ҚК прокурорлары, олардың орынбасарлары, бөлім меңгерушілері, аға көмекшілер, көмекшілер, аға прокурорлар, қалалық прокуратураның прокурорлары.

баптары)								
мерзімдерін ұзарту (ҚПК-нің 151, 192-баптары), бұлтартпау шарасын санкциялаудан заңды күшіне енбеген бас тартуды қайта қарау туралы өтінішхаттар енгізу	+			+	+			
тұлғаны бір УҰИ-дан екіншісіне ауыстыруды (этаппен апару) бекіту (бас тарту)	+	+	+	+	+	+		
сотталғанды тергеу изоляторларынан екіншісіне, ТМ-нен тергеу изоляторларына ауыстыруға (этаппен апаруға) санкция беру (бас тарту)	+	+	+	+				
шағымдарды қарау (ҚПК 105-б.)	+	+	+	+ <sup>2</sup>	+	+ <sub>3</sub>		
тәртіптік іс жүргізуді қозғау	+	+		+	+	+		
заң бұзушылықтарды жою туралы ұсынуға қол қою	+	+		+	+			
іс бойынша процесс прокурорын айқындау	+			+	+	+		
тексеру жүргізу туралы қаулы шығару	+			+	+			
мүлікке билік етуге уақытша шектеуді келісу	+	+	+	+	+	+	+	
есірткіні жоюды келісу (ҚПК 221-б.)	+	+	+	+	+	+	+	
жазбаша нұсқаулар беру	+	+	+	+	+	+	+	

<sup>3</sup> Процесс прокурорының қылмыстық істі қосымша тергеуге қайтару туралы қаулысын прокуратура органдарының басшысы бекітеді (ҚПК-нің 193-бабы 2-бөлігінің 8-тармағы)

<sup>4</sup> Қанағаттанарлық жауап берген жағдайда облыс прокурорының орынбасарлары

<sup>5</sup> Қалалық прокурорлардың орынбасарлары қанағаттанарлық жауап берген жағдайда басшылыққа баяндау

## **Процесс прокуроры жоспарының жобалық типтік үлгісі**

№ \_\_\_\_\_ іс бойынша ҚР ҚК бабында көзделген қылмыстың жасалуына күдікті \_\_\_\_\_ қатысты.

Қылмыс және істің қозғалысы туралы қысқаша мәліметтер:

---

Тергеп-тексерудің негізгі бірінші кезектегі міндеттері:

---

1. Тергеу әрекеттерін үйлестіру. Тергеушімен тергеу жоспарлары мен тергеу әрекеттерін талқылау.

2. Кезек күттірмейтін тергеу әрекеттеріне және маңызды тергеу әрекеттеріне қатысу (тексеру, жауап алу және т.б.). Тергеу судьясының тапсырмасы бойынша тергеу әрекеттерін ұйымдастыру. Олардың нәтижелері.

3. Іс материалдарын зерделеу және мынадай мәселелер бойынша шешімдер қабылдау:

- тұлғаны ұстаудың және оған бұлтартпау шараларын қолдану заңдылығы. Күзетпен ұстау, ұйқамақ, экстрадициялық қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы өтінішхатты қолдау не одан бас тарту;

- жиналған дәлелдемелер жиынтығының жеткіліктілігі

(тұлғаға айып тағу үшін іс бойынша тікелей дәлелдемелер мен жанама дәлелдемелерді көрсету);

- әрекетті саралаудың және тұлғаны күдікті деп танудың заңдылығын;

- іс бойынша тергеу мерзімдерін үзу және істі тоқтату туралы қабылданған процестік шешімдердің заңдылығы. Істі тоқтату туралы қаулыны бекіту. Заңсыз процестік шешімдер күшін жою туралы қаулылардың жобаларын дайындау және басшылыққа баяндау.

**ҚАУЛЫ**  
**күдіктінің әрекетін саралау туралы қаулыны**  
**келісуден бас тарту туралы**

«   » \_\_\_\_\_ 202 ж.

Процесс прокуроры, лауазымы, Т.А.Ә, күдіктінің Т.А.Ә, күдікті бойынша № \_\_\_\_\_ қылмыстық істі зерделеп... ҚР ҚК-нің \_\_\_\_\_-бабында көзделген қылмыстарды жасағанда,

**Анықтадым:**

Істің фабуласы, күдікті туралы деректерді көрсету, күдіктінің мәні, қылмыстың саралануы, бұлтартпау шарасы

Жасалған әрекет (қашан және қайда) орын алды және ҚР ҚК \_\_\_\_\_-бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамын қамтиды.

Күдіктіге қатысты іс-әрекетті саралау күні күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы шығарылды, оған сәйкес оның іс-әрекеттері ҚР ҚК-нің \_\_\_\_\_-бабы бойынша сараланған.

Алайда, қылмыстық істі зерделеу қылмыстық қудалау органы тергеудің осы кезеңінде оған айыпталған қылмыста жеткілікті дәлелдемелер алмағанын көрсетті. Осылайша, іс материалдарын зерделеу арқылы мыналар анықталды...

Осыған байланысты, қылмыстық қудалау органының күдіктінің Т.А.Ә, қатысты әрекетті ҚР ҚК-нің \_\_\_\_\_ бабы бойынша саралау туралы қаулысы оның

мерзімінен бұрын болуына және басқа да негіздерге байланысты келісуден бас тартуға жатады.

Баяндалғанның негізінде, бапты басшылыққа ала отырып 58, 193, 198 ҚПК,

### **ҚАУЛЫ ЕТТІМ:**

1. Күдіктінің іс-әрекетін ҚР ҚК-нің -бабы бойынша саралау туралы қаулыны келісуден бас тартылсын.

2. Қабылданған шешім туралы мүдделі тұлғаларға хабарласын.

Процесс прокуроры, лауазымы Т.А.Ә, қолы

**ҚАУЛЫ**

**сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін үзу туралы қаулыны келісуден бас тарту туралы**

« » \_\_\_\_\_ 202\_ ж.

Процесс прокуроры, лауазымы, Т.А.Ә, күдіктінің Т.А.Ә, күдікті бойынша № \_\_\_\_\_ қылмыстық істі зерделеп... ҚР ҚК-нің -бабында көзделген қылмыстарды жасағанда,

**АНЫҚТАДЫМ:**

СДТБТ-да қылмыстық істердің тіркелген күні, олардың нөмірлері

Істің фабуласы, тұлға (лар) туралы деректерді көрсету, күдіктінің мәні, қылмыстың саралануы, бұлтартпау шарасы

Жасалған әрекет (қашан және қайда) орын алды және ҚР ҚК \_\_\_-бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамын қамтиды.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімін үзу туралы қаулы шығарылған күн, негіздер, мән-жайлар және т.б.

Алайда, қылмыстық істі зерделеу сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін үзу заңсыз болып табылатынын көрсетті, осыған байланысты іс жүргізу мынадай негіздер бойынша қайта жандандырылуға жатады

Баяндалғанның негізінде, ҚПК-нің 58, 193, 198-баптарын басшылыққа ала отырып,

**ҚАУЛЫ ЕТТІМ:**

1. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімін \_\_ жылғы «\_\_» \_\_ үзу туралы қаулыны келісуден бас тартылсын, сотқа дейінгі іс жүргізу мерзімі қайта жандандырылсын.

2. Қабылданған шешім туралы мүдделі тұлғаларға хабарласын.

Процесс прокуроры, лауазымы Т.А.Ә, қолы

**ҚАУЛЫ**  
**қылмыстық істі тоқтату туралы қаулыны**  
**бекітуден бас тарту туралы**

«   » \_\_\_\_\_ 202 ж.

Процесс прокуроры, лауазымы, Т.А.Ә, күдіктінің Т.А.Ә, күдікті бойынша № \_\_\_\_\_ қылмыстық істі зерделеп... ҚР ҚК-нің \_\_\_\_\_-бабында көзделген қылмыстарды жасағанда,

**АНЫҚТАДЫМ:**

Істің фабуласы, тұлға туралы деректерді көрсету, күдіктінің мәні, қылмыстың саралануы, бұлтартпау шарасы \_\_\_\_\_

Жасалған әрекет (қашан және қайда) орын алды және ҚР ҚК \_\_\_\_\_-бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамын қамтиды

Қылмыстық істі тоқтату күні мен негіздері \_\_\_\_\_

Қылмыстық істі тоқтату туралы қаулының күшін жоюдың негіздері мен мән-жайлары \_\_\_\_\_

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасының 58, 193, 198, 290 ҚПК,

**ҚАУЛЫ ЕТТІМ:**

1. ҚР ҚК \_\_\_\_\_-бабы бойынша тұлға Т.А.Ә, қатысты № \_\_\_\_\_ қылмыстық істі тоқтату

туралы қаулыны бекітуден бас тартылсын.

2. № \_\_\_\_\_ қылмыстық іс қосымша тергеу жүргізу үшін қылмыстық қудалау органына жолдансын.

3. Қабылданған шешім туралы мүдделі тұлғаларға хабарласын.

Процесс прокуроры, лауазымы Т.А.Ә, қолы

## Кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы ПРОЦЕСТІК КЕЛІСІМ

«   » \_\_\_\_\_ 202 ж.

Процесс прокуроры (лауазымы) сыныптық шені ҚПК 193-бабының 1-бөлігінің 19-тармағын басшылыққа ала отырып, бір жағынан және күдікті осы баптың 1-б. 3-б.), 2), 3), 4), 5), 616-б. 1-т. 1) - 10) және 2-бөліктерінде көзделген талаптарды сақтай отырып, екінші тараптан Т.А.Ә., туған күні мен жері, тұрғылықты жері, жұмыс түрі, сондай-ақ қорғаушы Т.А.Ә ҚПК 623-б. 2-б., ҚПК 47-б. Ережелері бойынша және ҚПК 12-тарауына сәйкес ғимаратта қауіпсіздікті қамтамасыз ету (органның атауы және мекенжайы) мынадай талаптарды сақтай отырып, кінәні мойындау туралы мәміле нысанында № \_\_\_\_\_ СДТБТ сотқа дейінгі тергеу материалдары бойынша келісім жасады:

1. Лауазымды тұлғаның лауазымы, тегі және аты-жөні 20 \_\_\_\_\_:

Күдіктінің аты-жөні, туған күні мен жері, жұмыс орны, \_\_\_\_\_ лауазымы, \_\_\_\_\_ ұлты, \_\_\_\_\_ білімі

Жасалған уақыты, орны, сондай-ақ дәлелдеуге жататын басқа да мән-жайлар көрсетіле отырып,

қылмыстың сипаттамасы \_\_\_\_\_

Күдіктінің \_\_\_\_\_ жәбірленушінің қылмыстық әрекеттері нәтижесінде залал \_\_\_\_\_ (залалдың түрі мен мөлшері).

Осылайша, күдікті \_\_\_\_\_ ҚР ҚК-нің \_\_\_-б. \_\_\_-б. \_\_\_-т. көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты жасады, яғни (айыпталатын әрекет диспозициясының сипаттамасы).

Жәбірленушінің (егер іс бойынша жәбірленуші деп заңды тұлға танылса, онда заңды тұлға осындай өкілеттіктер берген заңды тұлғаны ұсынуға келісім береді, «Соттардың қылмыстық істерді келісімдік іс жүргізуде қарау практикасы туралы» 07.07.2016 жылғы №4 Нормативтік қаулысының 12-тармағы) кінәні мойындау туралы іс жүргізу келісімін жасауға.

Жәбірленуші: \_\_\_\_\_ (қолы)

2. Процестік келісім жасасу мүмкіндігі туралы мәселені қарау кезінде тараптар:

1) күдікті мәлімдеген \_\_\_\_\_ ерікті және оларға процестік келісім жасасу туралы өтінішхат беру және оны жасаудың салдары туралы хабардар болу (ҚПК-нің 99-бабының 2-бөлігіне сәйкес жазбаша өтінішхат қылмыстық іс материалдарына қоса тіркелуге, ауызша өтінішхат тергеу әрекетінің немесе сот отырысының хаттамасына енгізілуге тиіс);

2) жиналған дәлелдемелер бойынша дау болмаған және әрекетті саралаған;

3) күдіктінің өзі келтірген зиянның сипаты мен

мөлшерімен және азаматтық талаппен келісуі;

4) істе қылмыстық қудалауды тоқтатуға әкеп соғатын мән-жайлар болмаған жағдайларда тоқтатылады.

Күдікті (лер): \_\_\_\_\_ (қолы)

Қорғаушы: \_\_\_\_\_ (қолы)

**Ескертпе:** «Соттардың қылмыстық істерді келісімдік іс жүргізуде қарау практикасы туралы» 07.07.2016 жылғы №4 Нормативтік қаулысының 18-тармағына сәйкес күдікті, айыпталушы, сотталушы немесе прокурор кінәні мойындау және оны жасасу туралы келісім жасау туралы өтінішхат білдірген жағдайда, қорғаушының қылмыстық іс бойынша қатысуы ҚПК міндетті болып табылады. Кәмелетке толмаған күдікті, айыпталушы, сотталушы прокурормен кінәні мойындау туралы келісімді ҚПК-нің 537-бабының 3-бөлігінің және ҚПК-нің 542-бабының 3-бөлігінің талаптарына сәйкес жасаған кезде осы тергеу әрекетіне қорғаушымен бірге ҚПК-нің 7-бабының 13) тармақшасында көрсетілген тұлғалар қатарынан заңды өкіл міндетті түрде қатысады.

3. ҚПК-нің 613-б. 1-б. 2-т. сәйкес күдіктімен, айыпталушымен кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісім жасасу үшін шарттар:

1) күдіктінің, айыпталушының процестік келісім жасауға өз еркімен ниет білдіруі; 2) күдікті, айыпталушы қылмыстың жасалуына күдік келтіруді, айыптауды және іс бойынша қолда бар дәлелдемелерді, олар келтірген зиянның сипаты мен мөлшерін дауламайды; 3) жәбірленушінің процестік келісім жасасуға келісімі.

Күдікті кінәні мойындау туралы мәміленысанындағы процестік келісімге байланысты барлық шарттар мен талаптармен таныстырылды.

Күдікті \_\_\_\_\_ ТАӘ (қолы)

Қорғаушы: ТАӘ \_\_\_\_\_ (қолы)

Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне ұшырамаған, кінәні мойындау туралы мәміленысанында өз еркімен процестік келісім жасасқан және оның құқықтық салдарын түсінеді.

Күдікті \_\_\_\_\_ ҚР ҚК 54-бабына сәйкес қылмыстық жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар

---

ҚР ҚК 53-бабына сәйкес қылмыстық жауапкершілік пен жазаны жеңілдететін мән-жайларға мыналарды жатқызу қажет

---

Күдікті \_\_\_\_\_ ТАӘ (қолы)

Қорғаушы: ТАӘ \_\_\_\_\_ (қолы)

4. Тараптар прокурор сотта күдіктінің, айыпталушының Т.А.Ә., жазасын тағайындау туралы

мынадай жаза түрі мен мөлшерін:

- ҚК-нің \_\_\_\_\_-б. \_\_\_\_\_-б. \_\_\_\_\_-т. бойынша (жазаның негізгі және қосымша түрі);

- ҚК-нің \_\_\_\_\_-б. \_\_\_\_\_-б. \_\_\_\_\_-т. бойынша (жазаның негізгі және қосымша түрі).

ҚК-нің 58-бабына сәйкес, жазаны ішінара қосу арқылы сотқа күдіктіге, айыпталушыға жазаның түпкілікті келесі түрін (жазаның негізгі және қосымша түрі, мекеменің түрі) тағайындау туралы өтініш

Іс бойынша процестік шығындары болған кезде оларды сотталғаннан өндіріп алу туралы не оларды мемлекет есебінен жатқызу туралы көрсетілуі тиіс («Соттардың қылмыстық істерді келісу іс жүргізуінде қарау практикасы туралы» 07.07.2016 жылғы № 4 нормативтік қаулының 28-тармағы).

Алкоголизмнен, нашақорлықтан немесе уытқұмарлықтан емделуге мұқтаж деп танылған сотталғанға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын тағайындау туралы шарттар көрсетілуі тиіс («Соттардың қылмыстық істерді келісімдік іс жүргізуде қарау практикасы туралы» 07.07.2016 жылғы № 4 нормативтік қаулысының 16-тармағы).

Ұсынылған жаза түрі және көлемімен келісемін.

Күдікті \_\_\_\_\_ ТАӘ (қолы)

Қорғаушы: ТАӘ \_\_\_\_\_ (қолы)

5. Күдікті \_\_\_\_\_ мен жәбірленуші ҚПК-нің

614-бабына сәйкес тараптар үшін аталған мәмілені жасасудың және бекітудің салдары мыналар болып табылатынын \_\_\_\_\_ түсінеді:

1) процестік келісім жасалған кезден бастап ҚПК-нің 192-бабында белгіленген мерзімде аяқталатын сотқа дейінгі іс жүргізу;

2) ҚПК-нің 382-бабының 2-бөлігіне және 64-тарауына сәйкес кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы істі сотта талқылау;

3) процестік келісім жасасуға келісім берген жәбірленушіні залалды өтеу мөлшері туралы талаптарды одан әрі өзгерту құқығынан айыру.

Процестік келісім азаматтық талапкерді осы қылмыстық істе немесе азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен азаматтық талап қою құқығынан айырмайды.

Күдікті \_\_\_\_\_ ТАӘ (қолы)

Қорғаушы: ТАӘ \_\_\_\_\_ (қолы)

Жәбірленуші: ТАӘ \_\_\_\_\_ (қолы)

Күдіктінің сот шешім қабылдау үшін кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін процестік келісімнен бас тартуға құқығы бар. Тараптардың процестік келісім жасасудан бас тартуы ҚПК-нің 614-бабының 3 және 4-бөліктеріне сәйкес оны қайта жасасу туралы өтінішхатты мәлімдеуге кедергі келтірмейді.

Күдікті \_\_\_\_\_ ТАӘ (қолы)

Қорғаушы: ТАӘ \_\_\_\_\_ (қолы)

6. Күдікті \_\_\_\_\_ осы келісім шеңберінде екінші тараптың міндеттемені орындауы оның заңды және жасалған келісімнің кез келген ережесін сақтауына толық байланысты екенін түсінеді.

Күдікті \_\_\_\_\_ ТАӘ (қолы)

Қорғаушы: ТАӘ \_\_\_\_\_ (қолы)

7. Күдікті \_\_\_\_\_ мен жәбірленуші жәбірленуші келіспеген жағдайда процестік келісім жасалмайтынын \_\_\_\_\_ түсінеді. Егер жәбірленуші келіссе, онда прокурор мен қорғаушы тарап қылмыспен келтірілген зиянды өтеу мәселесі бойынша оның пікірін ескере отырып, қисынды мерзімде процестік келісім жасасады, ол жазбаша түрде жазылады және оған қатысушылар қол қояды.

Күдікті \_\_\_\_\_ ТАӘ (қолы)

Қорғаушы: ТАӘ \_\_\_\_\_ (қолы)

Жәбірленуші: ТАӘ \_\_\_\_\_ (қолы)

8. Осы процестік келісімге қол қойылғанға дейін күдікті өз қорғаушысымен оның ережелерін жеке \_\_\_\_\_ және құпия түрде талқылады.

Күдікті \_\_\_\_\_ ТАӘ (қолы)

Қорғаушы: ТАӘ (қолы)

Келісім 20 \_\_\_\_ 5 данада жасалды (1-ші данасы сотқа жіберіледі, 2-ші данасы негізгі іске тігіледі, 3-ші данасы прокурорға, 4-ші күдіктіге, 5-ші жәбірленушіге беріледі).

Күдікті \_\_\_\_\_ ТАӘ (қолы)

ТАӘ қорғаушысы (қолы)

Жәбірленуші: ТАӘ \_\_\_\_\_ (қолы)

Процестік келісімі:

Процесс прокуроры (лауазымы) сыныптық шені  
Т.А.Ә, қолы

## Пайдаланылған қайнаркөздердің тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі: 2014 жылғы 4 шілдедегі №231-V ҚРЗ [Электрондық ресурс] - Қол жеткізу режимі: <http://10.61.42.188/rus/docs/K1400000231> (өтініш берген күні: 15.05.2025).
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі №226-V ҚРЗ кодексі [Электрондық ресурс] - Қол жеткізу режимі: <http://10.61.42.188/rus/docs/K1400000226> (өтініш берген күні: 15.05.2025).
3. «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 5 қарашадағы №155-VII Конституциялық заңы [Электрондық ресурс] - Қол жеткізу режимі: <http://10.61.42.188/rus/docs/Z2200000155> (өтініш берген күні: 10.09.2024).
4. «Соттардың қылмыстық істер бойынша келісімдік тәртіпте іс жүргізу практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 07.07.2016 жылғы №4 Нормативтік қаулысы;
5. «Соттың, прокуратура, қылмыстық қудалау және сот сараптамасы органдарының қылмыстық істер бойынша заттай дәлелдемелерді, алып қойылған құжаттарды, ұлттық және шетелдік валютадағы ақшаны, есірткіні, психотроптық заттарды алып қою, есепке алу, сақтау, беру және жою

қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 желтоқсандағы №1291 қаулысы <http://10.61.42.188/rus/docs/P1400001291>.

6. «Қылмыстық іс бойынша процесс прокурорын ауыстыру жағдайларының тізімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2018 жылғы 27 ақпандағы №30 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2018 жылғы 16 наурызда №16616 тіркелген, <http://10.61.42.188/rus/docs/V1800016616>.
7. «Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздар мен хабарламаларды қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі №89 бұйрығы [Электрондық ресурс] - Қол жеткізу режимі: <http://10.61.42.188/rus/docs/V14W0009744#z8> (өтініш берген күні: 15.05.2025).
8. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 21 ақпандағы №65 бұйрығымен бекітілген «Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің және қылмыстық қудалаудың заңдылығын қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық».

**М.А. Опабеков  
А.Е. Умбиталин  
Ж.Ж. Мекебаев  
А.Б. Сеитов**

***ПРОЦЕСС ПРОКУРОРЫНЫҢ ӨЗ  
ӨКІЛЕТТІКТЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУЫ БОЙЫНША***

***әдістемелік ұсынымдар***

***Пішімі 60x90/16  
Шартты баспа парақтары 6,67***

***«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының  
жанындағы Құқық қорғау органдары  
академиясы» ММ  
010078, Ақмола облысы, Қосшы қ.,  
Республика к., құрылыс-94***

***Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының  
жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының  
баспаханасында басылып шықты***

